

Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттардың заңдылықты сақтауы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 30 сәуірдегі N 1 Нормативтік қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 25.06.2015 № 4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Атауына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007.12.25. N 9 Нормативтік қаулысымен.

Қылмыс жасаған кінәлі адамдарға қылмыстық жаза тағайындау жөніндегі сот тәжірибесін талқылап және Қазақстан Республикасының қылмыстық жаза тағайындау тәртібін реттейтін қылмыстық заңдарының өзгертілуіне байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының барлық адам заң мен сот алдында тең, ешкім де сот үкімінсіз қылмыс жасауда кінәлі деп танылуға жатпайды және қылмыстық жазаға тартыла алмайды деген қағидаларын басшылыққа ала отырып, соттар қылмыстың түрі мен ауырлығына, айыптының қызметтегі және қоғамдағы орнына қарамастан, әрбір қылмыстық істі заңға сәйкес бұлжытпай шешуі қажет екендігіне жете назар аударуға тиіс. Заңның бұзылуын ештеңе де ақтай алмайды. Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттар ҚК-тің 52-бабында көрсетілген жаза тағайындаудың жалпы қағидаларын бұлжытпай сақтауы, сондай-ақ сотталушы жасаған қылмыс ауырлығы бойынша қай санатқа жататындығын; рецидивтің болуын және оның түрін; сотталушының қылмыстық әрекеті қай сатыда тоқтатылғанын; қылмысты топ, ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қауымдастық жасаған жағдайда сотталушының қатысу дәрежесін; қылмыстық мақсатқа жету үшін оның әрекеттерінің мағынасын және келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның сипаты мен көлеміне ықпалын; қылмыстар жиынтығын; жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын жағдайларды; сол қылмыс үшін көзделген жазаға қарағанда неғұрлым жеңіл жаза тағайындау немесе шартты соттау негіздерін ескеруі тиіс. Сондай-ақ, қылмыстық заңда қылмыс жасаған адамдардың жасы кәмелетке толмағандарына, жасы 65-тен асқан ер адамдарға, сондай-ақ әйелдерге қылмыстық жаза тағайындаудың ерекшеліктері көзделгенін ескере отырып, соттар сотталушылардың жынысын және жасын ескеруі қажет.

2. Соттардың назары қылмысты ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қауымдастық болып жасаған, коррупциялық қылмыстар жасағаны үшін кінәлі болып танылған, сондай-ақ бұрын сотталған, бірақ түзелгісі келмейтін адамдарға заңда көрсетілген жазалаудың қатаң шараларын міндетті түрде талқылап, қолдану керектігіне аударылады.

Жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілігінің дәрежесін анықтағанда, соттар қылмыстың ауырлығын анықтау тәртібін реттейтін ҚК-тің 10-бабының талаптарын, сондай-ақ нақты қылмыстық әрекет (кінәнің түрі, себебі, тәсілі, жасаған қылмыстық жағдай мен кезеңі, одан болған ауыртпалық, сотталушылардың әрқайсысының қылмысқа қатыстылығының дәрежесі мен сипаты т.б.) жағдайының барлығын ескеруі тиіс.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

3. Соттар жазаның түрі мен мөлшерін белгілеу үшін елеулі мәні бар сотталушының жеке басының мәліметтерін жан-жақты, толық және объективті түрде тексеруі керек. Атап айтқанда, сотталушының денсаулығын, еңбекке қабілеттілігі мен қатыстығын, білімін, сотталғандығы туралы мәліметтерді анықтау керек. Сотталушының отбасы жағдайы анықталғаннан кейін, соттар ҚК-тің 52-бабының 3-бөлігіне сәйкес жазаны тағайындаған кезде тағайындалған жаза оның отбасы немесе оның асырауындағы адамдардың жағдайына қандай әсер ететінін ескеруі керек.

3-1. ҚК-нің 53-бабының бесінші бөлігіне сәйкес, егер қылмыстық заңның адамды кінәлі деп таныған санкциясы бойынша әртүрлі (балама) жазалар түрі қарастырылған болса, онда ҚК-нің 53-бабы бірінші бөлігінің д) тармағында қарастырылған жазаны жеңілдететін мән-жайлар болған кезде, кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмыстар үшін бас бостандығынан айыру тағайындалмайтынын соттар назарда ұстаулары керек. Бұл ретте осы ереже іс бойынша қылмыстық жауапкершілік пен жазаны ауырлататын мән-жайлардың болуына және қылмыстың қайталануына, қылмыстардың қауіпті немесе аса қауіпті қайталануына қарамастан қолданылады.

ҚК-нің 53-бабы бірінші бөлігінің д) тармағында және ҚК-нің 59-бабы екінші бөлігінде көзделген заң нормалары бәсекеге түскен кезде бірінші норманың талаптары басым болады. Бұл ретте сот шешімінің осы бөлігінің уәжі сот үкімінің сипаттамалы-дәлелдемелі бөлігінде ҚК-нің 53-бабы бірінші бөлігінің д) тармағына сілтеме жасала отырып көрсетілуі тиіс. Бұл жағдайда ҚК-нің 55-бабына сілтеме жасау талап етілмейді.

Ескерту. Қаулы 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

4. ҚК-тің 54-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген жауапкершілік пен жазаны ауырлататын мән-жайлардың тізімі түпкілікті болып табылады. Осыған орай, қылмыс жасалған кездегі немесе сотталушыны сипаттайтын басқа да сот анықтаған жағдайлар (маскүнемдікке салыну, қоғамдық тәртіпті бұзу, отбасына, жұмысына, оқуына немқұрайлы қарау т.б.) жаза тағайындалған кезде ескеріледі, бірақ жауапкершілік пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде танылмайды.

ҚК-тің 54-бабы бірінші бөлігінің "м" тармағына сәйкес қылмыстың сипатына қарай сот қылмысты мас күйінде жасауды жауапкершілік пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде танымауға құқылы. Бұл мәселені шешу барысында соттар жасалған қылмыстық әрекеттің өзінің сипаты бойынша кінәлінің мастығына қатысы бар-жоғын, сондай-ақ оны осындай күйге алып келген жағдайларды ескеруі тиіс. Атап айтқанда, кәмелетке толмаған адамның қылмыс жасаған кезде мас болуы, егер оны бұндай күйге арақ, есірткі немесе басқа да есеңгірететін заттарды пайдалану арқылы ересек қылмысқа қатысушы жеткізсе, жауапкершілік пен жазаны ауырлататын жағдай ретінде есептелмейді.

Егер ҚК-тің 53 немесе 54-баптарында көрсетілген мән-жайлар қылмыстың бір белгісі ретінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөліміндегі баптың диспозициясында көрсетілген болса, онда ол сол қылмыс үшін жаза тағайындаған кезде жауаптылықты жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жай ретінде ескерілмейді.

5. Бірінші қылмысы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту мерзімі өтіп кеткен жағдайда, заңмен бекітілген тәртіпте сотталғандығынан арылған немесе оны алып тастаған немесе заң бойынша бұрын жасаған қылмыстық әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілік жойылған болса, сондай-ақ ҚК-тің Жалпы бөлімінде көзделген негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен және жазадан босатылған жағдайда, қылмыс жасаған адамның бұрын сотталғандығы жауапкершілік пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде қаралмайды.

6. Егер адамды кінәлі деп таныған заң санкциясында жазаның әр түрі (баламалары) көрсетілген болса, онда соттар ҚК-тің 52-бабының екінші бөлігіне сәйкес жасалған қылмыс үшін көрсетілген жазаның неғұрлым ауыр түрі тек, егер оның жеңіл түрі жазалау мақсатын қамтамасыз ете алмаса немесе жазаның ең ауыр түрін тағайындау заңда арнайы көзделсе ғана тағайындалатынын ескере отырып, соттар олардың арасындағы неғұрлым жеңілірек жазаны тағайындау туралы мәселені талқылауы және үкімде қабылданған шешімді дәлелдеуі тиіс.

7. ҚК-тің 55-бабына сәйкес жазаны осы қылмыс үшін тиісті бапта (бап бөлігінде) белгіленген төменгі шектен төмен немесе қылмыс дәрежеленген ҚК

бабының (бап бөлігінің) санкциясында көрсетілмеген жазаның неғұрлым жеңіл түрін тағайындау немесе міндетті түрде көзделген қосымша жазаны қолданбау тек әрекеттің қоғамдық қауіптілігі дәрежесін едәуір азайтатын ерекше мән-жайлар анықталған жағдайда, сондай-ақ топтық қылмысқа қатысушы топ жасаған қылмыстарды ашуға белсене жәрдемдескен жағдайда ғана мүмкін болады. Жазаны жеңілдететін жекелеген мән-жайлар да, сондай мән-жайлар жиынтығы да ерекше мән-жайлар деп танылуы мүмкін. Сот ҚК-тің 55-бабын қолданғанда, іс бойынша анықталған қандай жағдайларды ерекше деп танығанын және оларды айыпталушының жеке басы туралы қандай мәліметтермен бірге негізге алғанын үкімде көрсетуге міндетті.

Бірнеше қылмыс жасаған кінәлі адамға жазаның заңда көзделген неғұрлым жеңіл түрін тағайындаған кезде, әуелі бір немесе бірнеше қылмыстың әрқайсысына ҚК-тің 55-бабын қолдану арқылы жаза тағайындалады, сонан кейін ҚК-тің 58-бабының ережелері бойынша түпкілікті жаза белгіленеді.

Ауыр немесе аса ауыр қылмыстың жасалуы өздігінен ерекше мән-жайлар болған жағдайда кінәлі адамға төменгі шектен төмен жаза тағайындауға кедергі болып табыла алмайды. ҚК-тің 55-бабын қолданып жаза тағайындаған кезде қылмыстардың рецидиві, қауіпті рецидиві немесе аса қауіпті рецидиві болған жағдайда ҚК-тің 59-бабы 2-бөлігінің ережелері қолданылмайды.

Соттың ҚК 55-бабын қолданып белгілеген жазасының мөлшері қандай жағдайда да заңмен белгіленген осы жаза түрінің ең төменгі мөлшерінен төмен бола алмайды.

8. Кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау мәселесін қараған кезде соттар қылмыстық жазаның тек ҚК-тің 79-бабында көрсетілген түрлері ғана қолданылатындығына және олардың мерзімдері мен мөлшері сол бапта белгіленген шеңберден аспайтындығын назар аударуы керек. Сондай-ақ ҚК-тің 80 және 81 баптарында көрсетілген жағдайларды да қосымша ескере отырып және әр нақты жағдайда істің және кәмелетке толмаған сотталушының жеке басының жағдайларын талқылап, оларға ҚК-тің 82-бабында көрсетілген тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкіншілігін қарастыру қажет.

8-1. Шартты түрде сотталған, сынақ мерзімі кезеңінде жеңіл немесе ауырлығы орташа қылмысты қайта жасаған кәмелетке толмағанға қатысты істі қарап, жаза тағайындаған кезде сот қайтадан шартты түрде соттау мүмкіндігі туралы мәселені талқылауы тиіс.

Егер сот шартты түрде соттауды қайта қолданса, ҚК-нің 60-бабына сәйкес үкімдердің жиынтығы бойынша түпкілікті жазаны белгілеу талап етілмейді. Өйткені мұндай жағдайда алдыңғы және соңғы үкімдер дербес орындалады.

Ескерту. Қаулы 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

9. Соттар ҚК-тің 63-бабында көзделген шартты түрде соттаудың, әдетте, бұрын сотталмаған, жеңіл немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адамдарға қолданылатындығын ескеруге тиіс. Шартты жаза ауыр қылмыс жасауға қатысқандардың кейбіріне, егер олардың негізгі қылмыскер еместігі анықталса, сонымен қатар оның жеке басына берілген мәліметтер мен қылмыс жасаған кездегі жағдайлар жаза тағайындаған кезде ҚК-тің 63-бабының ережелерін қолдануға негіз бола алған жағдайда ғана қолданылады. Бұл ретте қылмыстық заң шартты түрде соттаудың қолданылуын қылмыстардың санатымен байланыстырмайтынын, тек әрекеттері қауіпті немесе аса қауіпті қылмыстардың қайталануы деп танылған адамдарға ҚК-нің 63-бабын қолдануды шектейтінін назарға алу керек.

Сот шартты жазаны кінәліге тек ҚК-тің 63-бабының бірінші бөлігінде аталған жазалардың түрі (түзеу жұмыстары, әскери қызмет бойынша шектеу, бас бостандығынан айыру) тағайындалған жағдайда ғана қолданады. ҚК-тің 63-бабын қолданылып жаза тағайындаған кезде негізгі жаза шартты болып табылады да, тағайындалған қосымша жазалар үкім күшіне енген күннен бастап орындалуға жатады.

Шартты сотталуы туралы қаулы шығарған кезде сот сотталғанға, оның заңды өкілдеріне сотталған міндеттерін орындамаған немесе әкімшілік құқық бұзушылық, жаңа қылмыстар жасаған жағдайда ҚК-тің 64-бабында көзделген шараларды қолдану мүмкіншілігі туралы түсіндіруге міндетті.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

9-1. Адамға шартты түрде соттау қолданылған кезде оған ҚК-нің 63-бабының 5-1-бөлігінде көзделген міндеттерді орындау жүктелуі мүмкін. Бұл ретте соттар ҚК-нің 5-бабы үшінші бөлігінің талаптарына сәйкес осы міндеттерді белгілейтін жаңа заң қолданысқа енгізілгенге дейін (2011 жылғы 5 ақпанға дейін) жасалған қылмыстар үшін аталған міндеттердің жүктелмейтіндігін назарға алуы керек.

Шартты түрде сотталған кезде адамға ҚК-нің 63-бабы 5-1-бөлігінде көзделген міндеттердің орындалуын жүктеу соттың міндеті емес, құқығы болып табылады.

Ескерту. Қаулы 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

10. Қылмыстық белгілері бар әрекет жасаған, бірақ қоғамға елеулі қауіп келтірмейтін адамдарға соттар қылмыстық жаза қолданбай-ақ, олардың

түзелетіндігі мен қайта тәрбиелеуге келетіндігі туралы мәселені талқылап, негіз болған жағдайда ондай адамдарды ҚК-тің 65-68-баптарында көрсетілген негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатуға тиіс. Соттың адамды қылмыстық жаза шараларын қолданбай-ақ түзеуге болатындығы туралы тұжырымы істің жан-жақты, толық және объективті түрде зерттелген мән-жайларына және сотталушының жеке басы туралы мәліметтерге негізделуі қажет.

11. Қылмыстардың қайталануын тану кезінде ҚК 13-бабының төртінші бөлігіне сәйкес, алынып тасталған және жойылған соттылықтар, сондай-ақ адамның 18 жасқа толғанға дейінгі жасаған қылмыстары үшін соттылықтары есепке алынбайтынын соттар назарға алуы керек. Сонымен бірге, ҚК 13-бабы екінші бөлігінің а) тармағы, үшінші бөлігінің а) немесе б) тармақтары бойынша қылмыстардың қайталануын тану кезінде адамның қасақана жасаған қылмыстары үшін бас бостандығынан айыруға жазалануымен байланысты алынып тасталмаған немесе жойылмаған соттылықтары негіз болып табылады.

Бұрын бас бостандығынан айырылуға сотталған адам деп - бұрын заңды күшіне енген сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған: түзеу мекемесінде өтеуге жататын, оның ішінде, бұл жазаны ол адам өтемеген жағдайда да (мысалы, өтеуден жалтарса, ҚК-тің 73-бабы негізінде жазаны өтеуден босатылған жағдайда) ҚК-тің 75-бабына сәйкес үкімнің ескіру мерзімі өтіп кетуіне байланысты жазаны өтеуден босатылған реттерден басқа; шартты түрде (Қазақ ССР ҚК-нің 40-бабы немесе ҚР ҚК (63-бабы); үкімді орындауды кейінге қалдыру шарасын қолданып (Қазақ ССР ҚК-нің 40-бабы немесе ҚР ҚК 63-бабы); үкімді орындауды кейінге қалдыру шарасын қолданып (Қазақ ССР ҚК-нің 41-1-бабы, ҚР ҚК 72, 74-баптары); міндетті түрде еңбекке қатыстыру арқылы (Қазақ ССР ҚК-нің 23-2-бабы) шартты сотталған адамды санау керек.

Осыған орай, бас бостандығынан шартты түрде (Қазақ ССР ҚК-нің 40-бабын немесе ҚР ҚК-нің 63-бабын қолдану арқылы) немесе үкімді орындауды кейінге қалдыру арқылы Қазақ ССР ҚК-нің 41-1-бабы немесе ҚР ҚК-нің 72,74 баптары) немесе міндетті түрде еңбекке қатыстыру (Қазақ ССР ҚК-нің 23-2-бабы) арқылы айырылған жағдайларда, егер бұл адам сынақ мерзімі ішінде немесе үкімді орындауды кейінге қалдырған мерзім ішінде немесе шартты соттылық не кейінге қалдыру шарасы жойылып, сотталған адам үкім бойынша тағайындалған бас бостандығынан айыру жазаны өтеу үшінші тиісті мекемеге жіберілген кезде жаңа қылмыс жасаса да, оның бұрынғы алынып тасталған немесе өтелмеген соттылығы қылмыстың рецидивін таныған кезде ескерілуі тиіс.

Сот үкімі бойынша ҚК-нің 43-бабының 4-бөлігінде және 45-бабының 2-бөлігінде көзделген негіздер бойынша (түзеу жұмыстарына, бас бостандығын

шектеуге) тағайындалған жаза бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылса, бұндай адамдарды бас бостандығынан айыруға сотталған деп қарауға болмайды.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007.12.25. N 9 Нормативтік қаулысымен.

12. Егер бұрынғы үкім бойынша ҚК-тің 63-бабын қолдану арқылы сотталған адам сынақ мерзім ішінде жаңа қылмыс жасаған болса, онда сот қылмыстың рецидиві туралы мәселені шешкен кезде ҚК-тің 64-бабының 4-бөлігіндегі талаптарды міндетті түрде ескеруі тиіс. Бұл орайда қылмыстың рецидивін анықтаған кезде ҚК-тің 63-бабы бойынша бас бостандығынан айырылған адамның соттылығы, тек егер сот жаңа қылмысы үшін жаза тағайындаған кезде бұрынғы үкім бойынша шартты соттылығын жою туралы шешім қабылдаған жағдайда ғана ескерілуі мүмкін. Егер сот ҚК-нің 64-бабы төртінші бөлігінің негізінде бұрынғы үкім бойынша шартты соттылықты қалдыру туралы тұжырымға келсе, онда ҚК-тің 63-бабы бойынша соттылығы қылмыстың рецидивін анықтаған кезде ескерілмейді.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

13. Соттар тиісінше қылмыстардың рецидиві кезінде, аяқталмаған қылмыс, сондай-ақ қылмыстардың жиынтығы немесе үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындаған кезде осы адамдарға белгіленген жаза мерзімдерінің шеңберін қатаң сақтауы тиіс.

Бұл орайда ҚК-тің 5-бабының үшінші бөлігіне сәйкес ҚК-тің 59-бабының екінші бөлігіндегі ережелер Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі күшіне енгенге дейін жасалған (1998 жылға 1 қаңтарға дейін) рецидив, қауіпті рецидив немесе аса қауіпті рецидив құрайтын қылмыс үшін қолданылмайтынын ескеру керек. Егер рецидивті құрайтын соттылықтар ҚР ҚК-тің күшіне енгенге дейінгі және одан кейін жасалған қылмыстар құрайтын болса, онда ҚК-тің 59-бабының екінші бөлігіндегі тәртіп тек 1998 жылғы 1 қаңтардан кейін жасалған қылмысы үшін соттылығын ескере отырып қолданылады. Аяқталмаған қылмыс үшін тиісті рецидив орын алған жағдайда жазаның ең жоғарғы мөлшері ҚК-тің 56-бабында көрсетілген мерзімдер мен көлемдерден аспауға тиіс.

14. Өлім жазасы – ату адамдардың қаза болуына ұштасқан террористік қылмыстар үшін, сондай-ақ соғыс уақытында жасалған аса ауыр қылмыстар үшін ең ауыр жаза ретінде белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамға кешірім жасау туралы өтініш ету құқығы беріледі.

Сот ҚК-тің 49-бабының екінші бөлігіне сәйкес өлім жазасы - әйелдерге, 18 жасқа толмай қылмыс жасаған адамдарға, үкім шығарған сәтте жасы 65-ке толған ер адамдарға, сондай-ақ ҚК-тің 56-бабының 4-бөлігіне сәйкес аяқталмаған

қылмыс үшін сотталған адамдарға қолданылмайтынын ескеруі керек. Сондай-ақ, сот ҚК-тің 69-бабының 5-бөлігіне сәйкес ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауапкершіліктен босатуға негіз таппаған адамдарға да өлім жазасы тағайындалмайды. ҚК-тің 75-бабының 4-бөлігінде көрсетілген жағдайларда үкімді ескіру мерзімі өткеннен кейін орындаған кезде өлім жазасы 25 жылға немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға ауыстырылуы тиіс.

Соттар өлім жазасын тағайындау мәселесін талқылаған кезде ҚІЖК-нің 373-бабының екінші бөлігіндегі барлық мәселелер судьялар дауыстарының басым көпшілігімен шешіледі деген тәртіп қолданылмайтындығын ескеруі керек. ҚІЖК-нің 373-бабының төртінші бөлігіне сәйкес өлім жазасы сот құрамына кіретін судьялардың тек бірауыздан қабылдаған шешімі бойынша тағайындалады.

Өлім жазасын қолдану барлық жағдайда да жасалған қылмыстың анықталған мән-жағдайларына және сотталушыны мейлінше толық сипаттайтын мәліметтерге, соның ішінде оның психикалық күй-жайына сүйене отырып, үкімде дәлелді болуы керек.

ҚК-тің 49-бабының төртінші бөлігіне сәйкес өлім жазасын орындау үкімнің заңды күшіне енген сәтінен бастап бір жылдан соң ғана Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару Кодексінің 165-бабының төртінші бөлігінде аталған құжаттардың негізінде орындалады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

15. Адамдар тобы, алдын-ала сөз байласқан адамдар тобы жасаған қылмыс үшін неғұрлым қатаң жаза қолданылады, сондықтан соттар қылмысқа қатысу түрін және қатысушыларды дұрыс анықтағаны жөн.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 9 Нормативтік қаулысымен.

16. Соттардың мынаны есте тұтқаны жөн: адамның бірнеше қылмыс жасауы - әсіресе қасақана жасауы, әдетте, айыпкердің қоғам үшін аса қауіпті екендігін көрсетеді. Осыған байланысты ҚК-тің 58-және 60-баптарының талаптарын бұлжытпай орындау ондай адамдарға заңды, дәлелді және әділ жаза тағайындаудың маңызды шарттарының бірі болып табылады.

17. Дәрежелену белгілері ҚК-тің бір бабының әртүрлі бөліктерінде көрсетілген бір қылмыс жасалған кезде, әрекетті барлық дәрежелену белгілерін көрсетіп, баптың сол қылмыс үшін неғұрлым ауыр жазаны көздейтін бір бөлігі бойынша дәрежелену керек. Осындай тәртіппен ҚК-тің 11-бабының 5-бөлігінде көзделген бірнеше рет қылмыстар жасаған адамның әрекеттері де ҚК Ерекше бөлім бабының бір бөлігі бойынша дәрежеленуге тиіс.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006.12.25. N 12 Нормативтік қаулысымен.

18. Қылмыстардың жиынтығы бойынша жаза тағайындағанда, соттар заңда көрсетілген жеңілірек жазаны ауырырақ жазаға сiңiру немесе тағайындаған жазаларды түгелдей иә болмаса iшiнара қосу принциптерiн үкiмде дәлелдеуi керек.

Үш немесе одан да көп қылмыстардың жиынтығы бойынша жаза тағайындағанда, соттың жеңiлiрек жазаны ауырырақ жазаға сiңiру принципiн онша ауыр емес қылмыстар үшiн қолданып, одан кейiн сол жазаға орташа ауырлықтағы, ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жиынтығы үшiн тағайындалған жазаларды түгелдей, болмаса iшiнара қосып, екi принциптi қоса қолдануға қақысы бар.

Жеңiлiрек жазаны ауырырақ жазаға сiңiру принципiн қолданған кезде, соттар жаза түрлерiнiң қатандық дәрежесi ҚК-тiң 39-бабында қандай ретпен көрсетiлсе, сондай рет бойынша анықталатынын ескеру керек. Жиынтыққа кiретiн қылмыстардың әр қайсысына жазаның бiр түрi тағайындалған кезде, олардың iшiндегi мерзiмi мен көлемi көп жаза - неғұрлым қатаң жаза болып саналады. Егер жиынтыққа кiретiн қылмыстар үшiн түрi және мөлшерi жағынан бiрдей жаза тағайындалса, онда бiр жазаны басқа бiр жазаға сiңiру жолымен қорытынды жаза тағайындау заңның тиiстi баптарының ең жоғарғы жазалау шаралары шегiнде тағайындалса ғана рұқсат етiледi.

19. Соттар мынаны ескеруге мiндеттi: ҚК-тiң 58-бабының 6-бөлiгiн қолданған жағдайда, қылмыс жиынтығы бойынша тағайындалған қорытынды жаза алғашқы үкiм бойынша тағайындалған жазадан төмен болмауы керек, өйткенi мұндай жағдайда жазаларды сiңiрткен немесе қосқан кезде сот алғашқы үкiмнiң өтелiнбей қалған жағын емес, сол үкiм бойынша тағайындалған барлық жазалардың мөлшерiн басшылыққа алу керек.

Егер iс бойынша үкiм шығарып қойғаннан кейiн сотталған адамның тағы басқа да қылмыстар үшiн айыпты екенi, оның бiреуi үкiмдi шығарғанға дейiн, ал басқалары үкiм шығарғаннан кейiн жасалғаны анықталса, екiншi үкiм бойынша жаза ҚК-тiң 58 және 60-баптарын қолдана отырып тағайындалады: алдымен алғашқы үкiм шығарылғанға дейiн жасалған қылмыстар жиынтығы бойынша, одан кейiн ҚК-тiң 58-бап 6-бөлiмiнiң ережелерi қолданылады, сосын алғашқы үкiм шығарылғаннан кейiн жасалған қылмыстар жиынтығы бойынша жазалар анықталып, түпкiлiктi жаза үкiмдер жиынтығы бойынша тағайындалады.

20. Үкiмдердiң жиынтығы бойынша жаза тағайындалғанда, соттар бұрынғы үкiм бойынша тағайындалған жазаның өтелмеген бөлiгiнiң мөлшерi мен түрiн белгiлеуге және көрсетуге тиiс, жазаның өтелмеген бөлiгi ҚК-тiң 60-бабының негiзiнде жаңа үкiм бойынша тағайындалған жазаға түгелдей немесе iшiнара

қосылуы керек. Бұрынғы үкім бойынша жазаның өтелмеген бөлігі болып мыналар саналады:

шартты жазаға сотталған кездегі, сондай-ақ ҚК-тің 72-бабында немесе 74-бабының 3-бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша жазаны өтеуді орындауды кейінге қалдырылған кезде немесе ҚІЖК-нің 452-бабында көрсетілген тәртіпте, 73-бабының 3-бөлігін қолданған кезде - ұсталуына немесе бұлтартпау шарасы ретінде тұтқындалуына байланысты қамауда немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануға байланысты емдеу мекемесінде болған уақытты есептемегенде - жазаның бүкіл мерзімі;

ҚК-тің 70-бабында көрсетілген негіздер бойынша мерзімнен бұрын шартты түрде босатылған кезде - сотталушы оны өтеуден мерзімнен бұрын-шартты түрде босатылған жазаның бөлігі;

бас бостандығын шектеуге, сондай-ақ қоғамдық жұмыстарды атқаруға сотталған кезде - міндетті жұмыс мерзімінің бөлігі және сотталушы жұмыстан жалтарған кездегі уақыт.

21. Бұрынғы үкім бойынша тағайындалған жазаның өтелмеген бөлігін ішінара қосып үкімдерінің жиынтығын қолданғанда, егер қорытынды жаза жазаның осы түріне белгіленген ең жоғарғы шегінде тағайындалмаса, сот үкімде осындай шешімнің қабылданғанын дәлелдеу керек. Бұрынғы үкімдегі жазаның өтелмеген бөлігін ішінара қосқанда қорытынды жаза қалайда мөлшері жағынан жаңадан жасалған қылмыс үшін тағайындалған жазадан да, бұрынғы үкім бойынша өтелмеген жазадан да жоғары болу керек.

22. Егер сотталушы сынақ мерзім ішінде жаңадан қылмыс жасаса, сот жазаны үкімдердің жиынтығы бойынша тағайындау мәселесін талқылаған кезде ҚК-тің 64-бап төртінші бөлігінің талаптарын ескеруге міндетті. Бұл орайда ҚК-тің 60-бабының ережелері сот жаңа қылмыс үшін жаза тағайындаған кезде бұрынғы үкімдегі шартты соттылықты жою туралы шешім қабылдаған жағдайда ғана қолданылады. Егер де сот істі қараған кезде бұрынғы үкімдегі шартты соттылықты қалдыру туралы тұжырымға келсе, онда жаза тек жаңа қылмыс үшін тағайындалады.

Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

23. Жазаларды қылмыстардың жиынтығы бойынша немесе үкімдердің жиынтығы бойынша толық не ішінара қосқан кезде соттар ҚК-тің 61-бабында бекітілген мерзімдерді қосу кезінде оларды белгілеу тәртібін ескеруі жөн. Бұл баптың мәніне сай бұрынғы үкім бойынша тағайындалған өтелмеген қосымша жаза түгелдей немесе ішінара жаңа үкім бойынша тағайындалған дәл сондай қосымша жазамен бірігеді, бұл қосымша жаза қосымша жазаның дәл осы түрі

үшін белгіленген мерзім шегінде тағайындалады. ҚК-тің 61-бап 2-бөлігінде көрсетілген қосымша жазалар бөлек орындалады.

Егер алғашқы үкім бойынша адам бас бостандығынан айыруға, түзету жұмыстарына немесе орындалуға жататын басқа да жазалар бойынша сотталса, ал екінші үкім бойынша жаза ҚК-тің 63-бабын қолдана отырып тағайындалса, онда сот жазаларды қосқан кезде олардың бөлек орындалатынын үкімде көрсетуі тиіс. Бұл орайда шартты соттау қолданылған үкімдегі сынақ мерзімі алғашқы үкімдегі жаза қай мекемеде орындалатынына қарамастан, үкім күшіне енген кезден бастап есептеледі.

24. Егер сотталған адам бұрынғы үкімді орындауды кейінге қалдырған кезде басқа қылмыс жасап қойса, сот жаңа қылмыс жасағаны үшін тағайындаған жазаға ҚК-тің 60-бабына сай бұрынғы үкім бойынша өтелмеген жазасын қосуға тиіс. Ондайда бұрынғы үкімді орындауды кейінге қалдыруды бұзу туралы қаулы қабылдаудың керегі жоқ. Егер жаңа қылмыс үкімді орындауды кейінге қалдыру мерзімі өтіп кеткеннен кейін және сотталушыны ҚК-тің 72-бап үшінші бөлігіне сай жазасын өтеу үшін тиісті мекемеге жібергендігі туралы соттың ұйғарымы заңды күшіне енгеннен кейін жасалса, сот жаңа қылмыстың жазасын белгілеп алып, ҚК-тің 60-бабында көрсетілген жазаны үкімдердің жиынтығы бойынша тағайындаудың ережелерін қолдануға міндетті. Егер жаңа іс жөніндегі үкім қабылданған кезге дейін, сот сотталушыны жазасын өтеуден босату немесе оны жазасын өтеу үшін тиісті мекемеге жіберу туралы мәселесін заңға сай шешпеген болса, онда сот тек жаңа қылмыс үшін жаза тағайындайды. Бұндай жағдайда орындалмаған үкімдер бола тұра үкімді орындау туралы мәселе ҚІЖК-нің 453-455-баптарында көзделген тәртіпте шешілуі мүмкін.

25. Негізгі және қосымша жазаларды дұрыс үйлестіре білу, оны даралап көрсету принципін дәйекті түрде жүзеге асыруға, жазаның мақсатына жетуге көмектеседі, осыған байланысты соттар үкім шығарған кезде әр іс бойынша, әсіресе, ауыр, аса ауыр, сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасаған адамдарға қосымша жаза қолдану қажеттілігі мәселесін қараған жөн.

Қылмыстық заңның баптарының санкцияларында қосымша шаралар қолдану немесе қолданбау мүмкіндігі айтылған болса, онда соттардың оны тағайындау туралы мәселені қарап, қабылданған шешімнің дәлелдерін үкімнің дәлелдеу бөлігінде міндетті түрде көрсетуге тиіс. Ал қосымша жаза қолданылмаған жағдайда бұл туралы үкімнің қорытынды бөлімінде ондай сілтеме жасалмайды. Кінәліні соттаған кезде қылмыстық заңның баптарында қосымша жаза қолдану міндетті деп табылса, сот оны ҚК-тің 55-бабында көрсетілген шарттар болған жағдайда ғана ҚК-тің 55-бабына сілтеме жасай отырып қабылданған шешімнің дәлелдерін үкімде міндетті түрде келтіре отырып, қолданбауы мүмкін.

26. Соттардың назары мынаған аударылсын: қосымша жазаның айыппұл, мүлікті тәркілеу сияқты түрлері қосымша жаза ретінде тек егер олар сотталушыны кінәлі деп таныған ҚК баптарының диспозицияларында қосымша жаза ретінде көзделген болса ғана қолданылуы мүмкін. Белгілі бір лауазымды атқаруға немесе белгілі бір қызметпен айналысуға құқынан айыру, арнайы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру қосымша жаза ретінде ҚК Ерекше бөлімінің қылмысты дәрежелеген бабында жаза ретінде көзделмесе де тағайындалуы мүмкін. Бұндай жазаны қолдану туралы шешім қабылданғанда, үкімнің қорытынды бөлігінде ҚК-тің тиісінше 41 немесе 50-бабына сілтеме жасалынуы керек. Ауыр немесе аса ауыр қылмыс үшін соттаған кезде, сот үкіммен бірге ҚК-тің 50-бап 2-бөлігінің негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің атына сотталушыны мемлекеттік наградалардан немесе Қазақстан Республикасы Президенті тағайындаған құрметті, әскери, арнайы атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан айыру туралы тиісті ұсыныс енгізу туралы мәселесін қарауы тиіс.

Қосымша жазалар сотталушыны кінәлі деп таныған заң баптарында көрсетілген шекте тағайындалады. Егер қосымша жаза ҚК-тің 41-немесе 50-баптарының негізінде қолданылса, оның мерзімі заң бойынша жазаның осы түріне белгілеген шектен аспауы керек.

27. ҚК-тің 51-бабының 2-бөлігінің талаптарына сай ҚК-тің қылмысты дәрежелеген бабының санкциясында көзделген қосымша жаза ретіндегі мүлікті тәркілеу шарасы осы қылмыс бойынша пайдақорлық ниет анықталған жағдайда ғана тағайындалуы мүмкін. Соттар ҚК-тің 79-бабының мәніне сай мүлікті тәркілеу шарасы кәмелетке толмағандарға қолданылмайтынын ескергені жөн. Мүлікті тәркілеген кезде оның мөлшерінің үкімде нақты көрсетілуін соттар есінен шығармауға тиіс, ал тәркілеу сотталған адамның жеке басына тиесілі мүлікке немесе жалпы ортақ меншіктегі оның үлесіне ғана жүргізілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексіне қоса тіркелген тізбеде көрсетілген мүлік тәркілеуге жатпайды.

Егер ҚК-нің Ерекше бөліміндегі баптың санкциясында мүлікті тәркілеу міндетті қосымша жаза ретінде көзделген жағдайда, алайда, осы қылмысты жасаған адамның іс-әрекеттерінде пайдақорлық ниет болмаса, немесе қылмысты кәмелетке толмаған адам жасаса не шартты түрде сотталған болса, онда ҚК-нің Жалпы бөлімінің ережелері ескеріліп, мүлікті тәркілеу түріндегі қосымша жаза қолданылмайды. Бұл шешімнің уәжі тиісінше ҚК-нің 51, 63 (төртінші бөлігіне) немесе 79-баптарға сілтеме жасалып, сот үкімінің сипаттамалы-дәлелдемелі бөлігінде көрсетілуге тиіс. Бұл жағдайларда ҚК-нің 55-бабына сілтеме жасау талап етілмейді.

Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

28. Лауазымы бойынша міндетті жұмысын атқаруы немесе белгілі бір қызметпен айналысуына байланысты қылмыс жасаған жағдайда ҚК-тің 41-бабына сәйкес сот жасаған қылмыстың сипатын ескеріп, сотталушының белгілі бір лауазымды орында отыруы немесе нақтылы қызметпен айналысуы құқығынан айыру жөнінде мәселені қарауға міндетті. Бұл жазаны тағайындағанда үкімнің қорытынды бөлімінде лауазым яки қызмет түрі нақты көрсетілуге тиіс. Бірақ болуға қақысы жоқ қызмет аясын анықтамай тұрып, сотталушының қандай да бір салада немесе қандай да болмасын мекемелерде, ұйымдарда жұмыс істеу құқығынан айыруға болмайды. Үкім шыққан кезде сотталушы адам лауазымды орында болмаса да, немесе жасаған қылмысқа қатысты қызметпен айналыспаса да, бұл жағдай аталған қосымша жазаны қолдануға кедергі бола алмайды. Адамның көлік құралдарын жүргізу құқығы о бастан болмаса да, яки әкімшілік жаза ретінде ондай құқықтан айырылған болса да, қылмыстық заңның санкцияларына сәйкес сот оған қосымша жаза ретінде көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыруды тағайындауы мүмкін.

29. Істі апелляциялық, кассациялық және қадағалау ретінде қарағанда, соттар үкім шығарған кездегі жазаны тағайындаудың жалпы негіздерін сақтауын, таңдап алған жазаның қылмыстың ауырлығына және сотталған адамның жеке басына сәйкестігін, жаза тағайындарда қылмыстық заң нормасының дұрыс қолданылуын, үкімдегі жаза туралы шешімді және істің ескерілген нақты мән-жайларын жазу тәртібін реттейтін қылмыстық іс жүргізу заңының нормаларын ұстануды тексеруге тиіс. Жоғарғы тұрған соттар бірінші сатыдағы соттардың жаза тағайындаған кезде жіберген қателері мен заңды бұзған жерлерін анықтаған кезде, оларды түзету үшін заңда көрсетілген шараларды қолдануы керек.

Соттың айып көлемі, кінәнің түрі немесе сотталған адамның қылмыс жасауға қатысу түрі, жауаптылықты ауырлататын мән-жайларының бар екендігі жөніндегі қорытындысын дұрыс емес деп танығаннан кейін және осыған байланысты үкімге өзгеріс енгізе отырып (мысалы: айыпты ауырлататын бір немесе бірнеше мән-жайды алып тастап, адамды қылмысты бірге істеуші емес, қылмысқа көмектесуші деп танып, оның іс-әрекетінен қылмыс жасауға оқталу немесе қылмысқа дайындалу белгілерін көріп), апелляциялық, кассациялық немесе қадағалау сатысындағы соттар сотталған адамның жаза мөлшерін кеміту мүмкіндігі немесе қажеттілігі туралы мәселесін талқылауы керек және қаулыда мұндай шешімнің дәлелдері келтірілуі тиіс.

Соттардың назары мынаған аударылсын: қылмыстың дәрежеленуін немесе жаза көлемін өзгертпей, бірінші сатыдағы соттың тағайындаған жазасын ҚІЖК-нің 417 және 446-12-баптарына сай қылмыстық заң санкциясы шеңберінде төмендету тек, егер ол тым қатаң немесе тым жеңіл тағайындалғандығы нәтижесінде өзінің түрі немесе мөлшері бойынша әділсіз болып табылған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Мұндайда істі қараған кезде анықталған және үкім шығарған кезде сотталушыға тым қатаң жаза тағайындалғандығын дәлелдейтін мән-жағдайлар ғана жазаны жеңілдету үшін немесе сотталушыны оны өтеуден босату үшін негіз бола алады. Үкім шығарылғаннан кейін туындаған мән-жайлар, сондай-ақ сотталушының жазаны өтеген кездегі мінез-құлқы үкімді өзгерте алмайды, бірақ істі апелляциялық, кассациялық немесе қадағалау ретінде қайта қараудың басқа негіздерімен бірге ескерілуі мүмкін.

Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

30. Сотталған адамның, оның қорғаушысының немесе заңды өкілінің арызы бойынша, сондай-ақ айыптау тараптарының наразылығы немесе арызы бойынша істі кассация және қадағалау ретінде қараған кезде, егер олар жазаның тым жеңілдігі туралы мәселесін қозғамаса, сот үкімді басқа негіздер бойынша бұза отырып, сот үкімі бойынша тағайындалған жазаның тым жеңілдігі туралы қорытынды жасауға қақысы жоқ. Кассация және қадағалау сатысындағы соттар, ҚІЖК-нің 446-17-бабының үшінші бөлігінде кассациялық сатыдағы сот үшін көрсетілген реттерден басқа, сот үкімімен тағайындалған жазаның тым жеңіл жаза тағайындалғандығы нәтижесінде сот жазаның әділсіз екендігін таныған жағдайда да және бұл туралы айыптау тараптарының наразылығында немесе арызында көрсетілсе де, өз тарапынан жазаны күшейтуге қақысы жоқ. Жоғары сатыдағы сот арыздардың немесе наразылықтың жазаның тым жеңіл тағайындалғандығы туралы дәлелдерін негізді деп тапса, онда үкім бұзылып, қаулыда үкімді бұзу негіздері - жазаның тым жеңіл тағайындалғандығы - көрсетіліп, іс жаңадан соттың қарауына жіберілуге тиіс.

Істі кассациялық тәртіппен қараған кезде істі заңсыз бұзуға немесе сотталушының жазасын жеңілдетуге жол берілгендігін анықтағанда, қадағалау сатысындағы сот ҚІЖК-нің 467-бабы тоғызыншы бөлігіне сәйкес кассациялық қаулының күшін жоюға және бірінші сатыдағы соттың үкімін, апелляциялық қаулыны өзгертіп немесе өзгертпей, күшінде қалдыруға құқылы. ҚІЖК-нің 467-бабы оныншы бөлігіне сәйкес, үкімде көрсетілгеннен көрі жазаны күшейту немесе неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдану қажет болған кезде, қадағалау сатысындағы сот үкімнің және кейінгі сот актілерінің күшін жойып, істі жаңадан сот қарауына жібереді.

Сотталушының жазасын ауырлату қажеттілігі негіздері бойынша сот шешімін қадағалау ретінде қайта қарау тек айыптаушы тараптың арыздары немесе наразылығы - келтірілген шешім заңды күшіне енген кезден бастап арыз немесе наразылық берілген күнге дейін есептелетін, ҚІЖК-нің 461-бабының 2-бөлігінде белгіленген мерзім ішінде берілген жағдайда ғана жол беріледі.

Ескерту. 30-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

31. Егер бірінші сатыдағы сот қылмыстардың жиынтығы бойынша жаза тағайындаған кезде жазаларды ішінара қосу принципін қолданса, кассация немесе қадағалау сатысындағы соттың - бұл сатыдағы соттар жиынтыққа кіретін бір немесе бірнеше қылмыс үшін жазаны жеңілдеткенде де, жазаларды толық қосу принципін қолдануға қақысы жоқ.

Егер бірінші сатыдағы сот бірнеше үкім бойынша жаза тағайындағанда бір жазаны басқаларға сіңіруді заңға қайшы немесе ҚК-тің 60-бап екінші бөлігінің ережелеріне сәйкес жазаның өтелмеген мерзімін қосуға мүмкіндіктің жоқтығынан қолданса, кассация немесе қадағалау сатысындағы сот соңғы үкім бойынша берілген жазаны жеңілдеткен жағдайда бұрынғы үкім бойынша берілген жазаның өтелмеген бөлігін ішінара немесе түгелдей қосып жіберуге қақылы, бірақ қорытынды жаза оған кейінгі сатыдағы соттың енгізген өзгертулерден кейін де үкім бойынша тағайындалған жазаның мөлшерінен аспау керек.

Қылмыстық істі қылмыстық заңның бір бабынан алып, ауыр еместеу қылмыстары үшін жауаптылық артатын бірнеше баптарына жатқызғанда, егер сотталған адамның жағдайын нашарлатпайтын және оның қорғану құқығын бұзбайтын болса, кассация немесе қадағалау сатысындағы сот жаза туралы мәселе қарап отырып, ҚК-тің 58-бабында көрсетілген ережелерді қолданады. Мұндайда қылмыс жиынтығы бойынша тағайындалатын қорытынды жаза бірінші сатыдағы сот белгілеген жазадан қатандау болмау керек.

32. Қылмыскер екі немесе одан көбірек қылмыс жасап, олары қылмыстық заңның бір бабына жатқызылса, бірақ бірінші сатыдағы сот қылмыстардың бірқатарына заң жүзінде дұрыс баға беріп, ал басқа қылмыстарға одан гөрі ауыр қылмыс туралы заңның бабын дұрыс қолданбай, оларды қателесіп екі немесе одан көп бапқа (бап бөліктеріне) жатқызып қойған жағдайда, кассация сатысындағы сот әлгі қылмыстық әрекеттерді бұл баптан алып, ауыр еместеу қылмыс туралы бапқа жатқыза отырып, санкция шеңберінде үкім бойынша белгіленген жазаның мөлшерінен аспай, осы бап бойынша бірінші сатындағы сот белгілеген жазадан қатандау жаза белгілеуге қақы бар.

Егер қылмыстың дәрежесін заңның қосымша жазаны міндетті түрде қолдану керек дейтін бабына өзгерткенде де, үкімде қосымша жаза белгіленбесе, кассация немесе қадағалау сатысындағы соттың ондай жазаны белгілеуге қақысы жоқ.

33. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 1993 жылғы 24 маусымдағы "жаза тағайындағанда соттардың заңдарды дұрыс қолдануы туралы" N 2 қаулысы , Пленумның 1994 жылғы 23-желтоқсандағы N 4 қаулысымен енгізілген өзгерістермен бірге күші жойды деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
Пленум Хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК